

**Ғ"Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін және "Қазақмыс" корпорациясы" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетінің бір бөлігін жекешелендірудің кейбір мәселелері**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 11 қазан N 1315

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 U952721\_ заң күші бар Жарлығының 13-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік, сыртқы экономикалық және экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Қазақмыс" корпорациясы" ашық акционерлік қоғамының атаулы құны 600 (алты жүз) теңге саны 736 730 (жеті жүз отыз алты мың жеті жүз отыз) дана жарғылық капиталдың 15 (он бес) пайыз мөлшеріндегі акцияларының мемлекеттік пакетін қорыногы Р981137\_ арқылы жабық тендерде мынадай тәртіппен:

саны 245 577 (екі жүз қырық бес мың бес жүз жетпіс жеті) дана 5 (бес) пайызды алдын ала бірнеше лотқа бөліп, жинақтаушы зейнетақы қорлары арасында сатуды;

саны 491 153 (төрт жүз тоқсан бір мың жүз елу үш) дана 10 (он) пайызының шетелдік инвесторлар болып табылмайтын заңды тұлғаларға біртұтас лотпен сатуды ж ү з е г е а с ы р с ы н ;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) "Қазақмыс" корпорациясы" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакеті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қарашадағы N 1646 Р991646\_ қаулысына:

1-тармақтың 3-тармақшасындағы "отыз бес" деген сөздер "жиырма" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) "Жекешелендірудің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 қазандағы N 1556 Р001556\_ қаулысына:

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеті жеке

жоба бойынша жекешелендірілетін аса ірі және бірегей акционерлік қоғамдардың тізбесінде:

реттік нөмірі 8-жол алынып тасталсын;

3) "Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі" ашық акционерлік қоғамы  
акцияларының мемлекеттік пакетін жекешелендіру туралы" Қазақстан  
Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 сәуірдегі N 464

P010464\_

қаулысына:

- 1-тармақтағы "екінші" деген сөз "төртінші" деген сөзбен ауыстырылсын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.
4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.